

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы №5 ХАБАРЛАМА

Нұр-Сұлтан қаласы

29 қантар 2021 ж.

Сатып алуды ұйымдастырушы Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ШЖҚ «№5 қалалық емхана» МКК, Нұр-Сұлтан қаласы, Ақан Сери көшесі, 20, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жүргізу туралы жариялайды.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу туралы ақпарат (атауы, қысқаша сипаты, сатып алу көлемі және сатып алу үшін бөлінген *сомасы*) осы хабарландыруға №1 қосымшада көрсетілген.

Жеткізу мерзімі және шарттары – осы хабарландыруға №1 қосымшада көрсетілген.

Нақты жеткізілген тауар үшін ақы төлеу беру-қабылдау актісіне Тапсырыс беруші қол қойған және Өнім беру есеп-фактурасын ұсынған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Тапсырыс берушімен жүргізіледі.

Әлеуетті Өнім берушілердің жапсырылған конверттерге салынған баға ұсыныстары Нұр-Сұлтан қ., Ақан Сери көшесі, 20, 4-қабат, мемлекеттік сатып алу бөлімі мекенжайы бойынша, 415 кабинет, 29.01.2021 жылы сағат 11:00 бастап 05.02.2021 жылы сағат 11:00 дейін (жұмыс тәртібі сағат 09:00 бастап 18:00 дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліс 13:00 бастап 14:00 дейін) ұсынылады.

Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары көрсетілген конверттерді ашу 05.02.2021 жылы сағат 11:15 минутта Ақан Сери көшесі, 20, 4-қабат, конференц-залда ашылады.

Әлеуетті өнім берушілер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін берілген баға ұсыныстарын кері қайтарып алуға құқылы.

Әлеуетті өнім берушімен ұсынылған баға ұсынысы хабарландырумен, сатып алу туралы шарт жобасымен, сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігімен көзделген сұрату шарттарына сәйкес, оның тауарды жеткізуді жүзеге асыруға берген келісімінің нысаны болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші сатып алуға қатысу үшін 1 (бір) баға ұсынысын конвертпен жапсырылған күйде ұсынады, ол мынадай құжаттарды қамтиды:

1. Хабарландыруға қоса берілген қосымшаға сәйкес, нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің мөрімен (бар болса) таңбаланған және қол қойылған баға ұсыныс. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысына жеткізумен байланысты барлық шығындар, оның ішінде салықтар кіреді;
2. Лицензиялау немесе рұқсат рәсімдері арқылы рұқсат органдарымен жүзеге асырылатын әрекеттерді (операцияларды) іске асыру арналған жеке немесе заңды тұлғаның құқығын растайтын рұқсат;
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1729 қаулысының 4-тарауымен белгіленген талаптарға ұсынылған тауарлардың сәйкестігін растайтын құжаттар.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруға (бұдан әрі-хабарлама) сатып алынатын экстреморлық дәрі-дәрмектер (**хабарламаға №1 Қосымша, баға ұсынысының нысаны (хабарламаға №12 Қосымша)**) тізімі қоса беріледі және **осы хабарландырудың ажырамас бөлігі болып табылады.**

Баға ұсыныстары көрсетілген жапсырылған конверттің беттік жағында әлеуетті өнім беруші: **әлеуетті өнім берушінің атауын, орналасқан мекенжайын, байланыс телефонын, электрондық мекенжайын,**

сатып алуды ұйымдастырушының атауын, орналасқан мекенжайын,

қатысу үшін әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы ұсынылатын тауарларды сатып алу атауын көрсетеді.

Белгіленген ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін ұсынылған және/немесе хабарландырудың 9-тармағының талаптарын бұза отырып ұсынылған баға ұсыныстары көрсетілген конверт әлеуетті өнім берушіге кері қайтарылады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды сатып алу қорытындысын бекіту туралы шешім сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсында оны бекіткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жарияланады. (www.gp5astana.kz).

Сатып алуды ұйымдастыруға уәкілетті өкіл: Исриалова С.Ш., зангер, 87172289534, e-mail: Israilova_s@mail.ru

Директор



А.Ж. Табулдина

(Handwritten signature)